

Қостанай облысы Қостанай қаласының бас жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 қарашадағы N 1750 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 13 қарашадағы
№ 762 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.11.2020 № 762 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қостанай облысы Қостанай қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облыстық және қалалық мәслихаттары мақұлдаған Қостанай облысы Қостанай қаласы бас жоспарының жобасы бекітілсін.

2. "Қостанай қаласын дамытудың бас жоспары туралы" Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1986 жылғы 14 сәуірдегі N 144 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 3 қарашадағы
N 1750 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысы Қостанай қаласының бас жоспары

1. Бас жоспардың мақсаты

Қостанай облысының орталығы Қостанай қаласының бас жоспары қала құрылысын кешенді жоспарлауды айқындайтын, аймақтарға бөлуді, аумақтың жоспарлы құрылымы мен функционалдық ұйымдастырылуын, көлік және инженерлік коммуникациялар, көгалдандыру және абаттандыру жүйесін белгілейтін негізгі қала құрылысының құжаты болып табылады.

Қостанай қаласының бас жоспары "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, оған кешенді қала құрылысы сараптамасы өткізілді (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы бекіткен 2009 жылғы 04 наурыздағы N 01-078/09 жиынтық қорытынды).

Бас жоспарда мынадай жобалау кезеңдері қабылданған:

бастапқы жыл - 2007 жыл;

құрылыстың бірінші кезеңі - 2012 жыл;

есептік мерзім - 2020 жыл.

Бас жоспарда табиғи-климаттық жағдайды ескере отырып, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көлік және инженерлік инфрақұрылымды, сондай-ақ функционалдық аймаққа бөлуді, резервтегі аумақтар мен табиғи және техногендік құбылыстар мен үдерістердің қауіпті әсерінен қорғау, экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды қоса алғанда, Қостанай қаласының аумағын дамытудың негізгі бағыттары айқындалған.

2. Қаланың қала құрылысын дамытудың мақсаты

Қостанай қаласының қала құрылысын дамытудың басты мақсаты - қаланы орнықты дамыту және қазіргі тұрғындар мен болашақ ұрпақ үшін өмір сүрудің қолайлы ортасын қалыптастыру. Осы мақсатқа қол жеткізу былай сипатталады:

өмір сүру ортасының экологиялық қауіпсіздігі және табиғи кешеннің орнықтылығы;

қала құрылысы шешімдерінің мәдени сабақтастығы, кеңістік тұтастығы, қаланың эстетикалық көркемдігі, үйлесімі мен ортадағы сан алуандылығы;

көліктік және инженерлік инфрақұрылымдардың сенімділігі мен қауіпсіздігі, тұрғын үй проблемасын шешудің кешенділігі, тұрғын үй аумақтарын қайта жаңарту мен дамыту және тұрғын үй ортасын қалыптастыру;

өндірістік аумақтарды пайдаланудың тиімділігі, қоғамдық орталықтар жүйесінің дамуы мен қол жетімділігі.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу Қостанай қаласының аумағын салу, қайта ұйымдастыру және абаттандыру, құрылыс салуды қайта жаңарту, өмір сүру ортасының сапалы сипаттамаларын арттыру жолымен жүзеге асырылуы тиіс.

3. Табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық аспектілері

3.1. Климат

Қостанай қаласының және оған іргелес жатқан аудандардың климаты үшін айқын көрінетін құрғақшылық және жоғары дәрежелі континенттілік тән.

Ең ыстық ай - шілде (орташа температура $+13,5^{\circ}\text{C}$ -тан $+20,2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін), абсолютті барынша жоғары температура $+41^{\circ}\text{C}$. Қаңтардың орташа температурасы $-12,9^{\circ}\text{C}$ -тан $-22,2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, ал абсолютті ең төменгі температура -46°C . 15 қарашадан бастап 27 наурызға дейін немесе 133 күн тұрақты аяз сақталады, сәуірде ауа температурасы жылына бастайды, ал мамырда температура $+10^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болады. Аязсыз кезеңнің ұзақтығы 115 - 180 күнге тең. Бір жылдағы ашық күндердің саны 130 - 155, бұлтты күндерінің саны 45 - 55.

3.2. Рельеф

Қаланың рельефі - Тобыл өзеніне қарай жалпы еңісі бар, аз толқынды жазықтық. Қаланың бүкіл аумағы өзеннің жайылма үстіндегі кемерінде орналасқан.

Тобыл өзеннің жайылма үстіндегі бірінші кемерін сол жағалау бойымен созылып жатқан мүжілген кемер болып табылатын байырғы жағалау құрайды және қала аумағының оңтүстік-батысында су қимасына өте жақын келеді. Салыстырмалы белгілер 158 - 178 метр шегінде құбылады.

Тобыл өзеннің жайылма үстіндегі екінші кемері негізінен қаланың шығыс бөлігін алып жатыр, кішкене теңбілдермен орталық бөліктерде де кездеседі және салыстырмалы түрде 146 метрден 157,5 метрге дейін жоғарылайды.

Тобыл өзенінің жайылма үстіндегі үшінші кемері сол жаға бойынша өзен бойымен еңсіз жолақ болып бүкіл қала арқылы созылады, салыстырмалы белгілері 142,7 - 148,0 метр шегінде.

Және төртіншісі - жайылманың өзі: Тобыл өзенінің қазіргі арнасы.

3.3. Гидрография

Қаланың және оған іргелес аудандардың басты су артериясы Солтүстік Мұзды мұхиттың бассейніне жататын Ертіс өзенінің соңғы сол жақ ағысы Тобыл өзені болып табылады. Тобыл өзенінің көлді болуы оның бассейніне тән болып табылады.

Өзеннің арнасы қазіргі құм қабаттарынан қалыптасқан енді жайылмада тұр. Арнаның ені 10-нан 50 - 100 метрге дейін, тереңдігі 4-8 метр. Арна маңындағы аумақта түсірілетін аллювий жер асты суының, эоцен-палеоценнің және бордың есебінен өзеннің жер астында қоректену көлемі де едәуір (10 %-ға жуық).

3.4. Топырақ-өсімдікті жабын

Қостанай қаласы және оған іргелес жатқан аумақ оңтүстік қара топырақ шағын аймақтары бар қара топырақты жер қалыптасқан аймақта орналасқан. Оңтүстік қара топырақ арасында карбонаттық, сортаңдау, көгал-қара топырақты, көгалды жерлердің ауқымды алқаптары, сондай-ақ далалық сортаң, көгалдық сортаң жиі кездеседі. Тобыл өзені жайылмасының бойында жайылмалық көгалдар, жайылмалық көгал-батпақты қара топырақты жер кең тараған.

Саяжайларды салу және бақша өсіру үшін игерілген аумақ адамның қызмет ету нәтижесінде топырақ беті аздап бұзылған жерге жатады.

3.5. Сумен қамтамасыз етілу жағдайы

Қостанай қаласында екі: шаруашылық-ауыз су және өндірістік мақсаттағы су құбыры жүйесі бар. Шаруашылық-ауыз су және өртке қарсы су құбыры жүйесі халықтың және өнеркәсіп кәсіпорындарының шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне, өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік қажеттіліктеріне және жасыл екпелерді суаруға су береді. Өндірістік су құбыры жүйесі химиялық талшық зауытының және 1-ші жылу энергетикалық орталықтың өндірістік қажеттіліктеріне су береді.

Шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету көздері ретінде Қостанай су көзінің жер асты суы және Тобыл өзенінің бетіндегі суы (Амангелді су қоймасы) қолданылады.

Су қоймаларының бар болуы ірі тұтынушылардың маңайында жер асты ауыз суының жасанды қорын жасауға жағдай туғызады. Пайдалануға болатын жасанды қорлар тәулігіне шамамен 100 мың текше метрді құрауы мүмкін.

Қостанай жер асты су көзі Тобыл өзенінің оң жақ жағалауында қаладан 9 километр жерде орналасқан. Су алудың жобалық өнімділігі тәулігіне 33,5 мың текше метр. Қазіргі уақытта 9 ұңғыма жұмыс істеуге болатын күйде (барлығы 21) , 1-2 ұңғыма пайдалынуда. Тазартылған судың сапасы нормативтік талаптарға сай.

Тобыл өзенінің беткі суы қаланың оңтүстік-шығысына қарай өзен ағысымен жоғары 5 километр жерде орналасқан Амангелді су қоймасынан алынады және қаланы сумен қамтамасыз ету әрі жерді суландыру көзі болып табылады. Қазіргі уақытта су қоймасынан алынатын судың көлемі тәулігіне 58-65 мың текше метрді құрайды.

Шаруашылық-ауыз су мақсатындағы жобалық өнімділігі тәулігіне 100 мың текше метр су құбырының тазарту құрылысына беріледі.

Сүзгіден өткізілгеннен және тұндырылғаннан, тұндырғыштардан кейін қалдық су диаметрі 800 миллиметр, ұзындығы 1,5 километр шойын құбырлардан тұратын коллектор бойынша Қостанай темір-бетон бұйымдары зауытының (бұдан әрі - ҚТББ) тұрғын ауданының аймағында Тобыл өзеніне құйылады.

Пайдалынатын қоры тәулігіне 23,8 мың текше метр Абай су көзі қаланы сумен қамтамасыз етудің қосымша көзі болып табылады.

Қаланың оң жақ жағалауындағы ауданы (Затобольск кенті) қаланың оңтүстік шетінен 1 километр қашықтықта орналасқан ұңғымалық сумен қамтамасыз етіледі.

4. Әлеуметтік-экономикалық дамуы

4.1. Демография

Демографиялық үдерістердің серпіні перспективада қоғамдық дамудың бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі факторларының да, сонымен бірге қоғам өміріндегі көбейіп келе жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен қайта құрулардың барысында қалыптасатын жаңа факторлардың барлық жиынтығының өзара қатынасымен анықталатын болады.

Қостанай қаласының демографиялық даму сипаты халықтың табиғи және көшіп-қону қозғалысымен анықталады, олардың ауқымы мен бағыты әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың нәтижесіне:

қаланың экономикалық әлеуетінің дамуына;

тұрғын үй нарығының дамуына;

жұмыспен қамту және еңбекақы деңгейіне;

мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясатқа және басқа факторларға байланысты болады.

Перспективадағы халық санын болжау нұсқалары бала тууды кезең-кезеңімен жоғарылату, өлім-жітімді азайту, халықтың өмір сүру ұзақтығы мен көші-қон өсімін арттыру гипотезаларын ескере отырып есептелген.

2003 жылы көші-қонның оң сальдосына қол жеткізілді және оны болжамды кезеңге дейін сақтау көзделіп отыр.

Қостанай қаласы тұрғындарының қазіргі саны 2007 жылғы 01 қаңтарда - 208,3 мың адамды; 2008 жылғы 01 қаңтарда - 209,3 мың адамды; 2009 жылғы 01 қаңтарда - 210,6 мың адамды; 2009 жылғы 01 қаңтарда - 212,6 мың адамды құрады.

Қостанай қаласы халқының болжамды саны тұрақты және инерциялық демографиялық үрдістерімен айқындалады.

Экономика салалары бойынша халықты жұмыспен қамту құрылымының есептік көрсеткіштерін 2020 жылға қарай 95,8 мың адамға дейін жеткізу көзделіп отыр, бұл экономика салаларында жұмыс істейтіндердің қазіргі санымен салыстырғанда 25,2 мың адамға көп.

Қаланың әлеуметтік және қала құрылысының дамуының негізгі мақсаты - бұл каралып отырған аумақта халықтың өмір сүруіне әлеуметтік-психологиялық жайлылық және жоғары деңгей жасау.

Перспективада қала құрамына Қостанай ауданының бірқатар елді мекендері кіретініне байланысты жаңа шекарадағы Қостанай қаласы халқының саны 2012 жылдың аяғында шамамен 260 мың адамды және 2020 жылдың аяғында шамамен 290 мың адамды құрауға тиіс. Бұл көрсеткіштер осы жобадағы техникалық-экономикалық есептемелер үшін қабылданған. Ұзақ мерзімді болжаудағы (плюс-минус 5 %) қателесуді ескере отырып, Қостанай қаласы халқының саны мынадай диапазонда қабылданады:

2012 жылға - 255 - 265 мың адам;

2020 жылға - 275 - 305 мың адам.

4.2. Тұрғын үй құрылысы

Қостанай қаласының және оның аталмыш бас жоспарда ұсынылатын, жобалық шекарасының шегінде орналасқан қала маңындағы тұрғын үй қоры мына кестедегі деректерде ұсынылған.

1-кесте. Қостанай қаласының тұрғын үй қоры

	Атауы	Тұрғын үй қоры, мың шаршы метр	Халқы, мың адам	Қамтамасыз етілу, бір адамға шаршы метр
1	Қостанай қ., барлығы:	5064,7	208,3	24,3
	оның ішінде:			
	көп пәтерлі үйлер	3886,6	159,7	
	коттедждер	1178,1	48,6	
2	Қонай ауылы, барлығы: коттедждер	9,0	0,6	15,0
3	Дружба ауылы, барлығы: коттедждер	13,8 (авариялық-0,4)	1,3	10,6
4	Мичурин с, барлығы:	43,0	1,9	22,6
	оның ішінде:			
	көп пәтерлі екі қабатты үйлер	17,7	0,8	
	коттедждер	25,3	1,1	
5	Затобольск ауылы, барлығы:	514,0	22,3	23,0
	оның ішінде:			
	көп пәтерлі үйлер	185,5 (авариялық-3,2)	8,0	
	коттедждер	328,5	14,3	

6	Заречный ауылы, барлығы:	121,8	5,3	23,0
	оның ішінде:			
	көп пәтерлі үйлер	72,8	3,2	
	коттедждер	49,0	2,1	
7	Алтынсарин ауылы, барлығы:	12,0	0,8	15,0
	коттедждер			
	Жобалық шекарада жиыны:	5781,5	240,5	24,0
	оның ішінде:			
	көп пәтерлі үйлер	4162,6	171,7	
	коттедждер	1615,7	68,8	

1-кестеде көрсетілгендей, жобалық шекарадағы қаланың тұрғын үй қоры 2007 жылдың басында жалпы алаңы - 5,78 миллион шаршы метрді, оның ішінде Қостанай қаласының тұрғын үй қоры 5,06 миллион шаршы метрді, ал қаланың құрамына кіретін өзге мекендердің тұрғын үй қоры - 0,72 миллион шаршы метрді құрады. Қаланың жобалық шекарасындағы көп пәтерлі үйлердің тұрғын үй қорының жалпы алаңы - 4,16 миллион шаршы метрді немесе 72 пайызды, коттедж құрылысы - 1,62 миллион шаршы метрді немесе 28 пайызды құрады. Қостанай қаласы бойынша жобалық шекарада тұрғын үймен орташа қамтамасыз етілу 1 адамға 24 шаршы метрді, оның ішінде Қостанай қаласы бойынша қазіргі шекарада 1 адамға 24,3 шаршы метрді құрады.

Жаңа тұрғын үй құрылысы көлемінің есептемесі

Құрылыс салудың үлгілері мен және қабаттылығы бойынша 2020 жылға дейінгі тұрғын үй құрылысының көлемін құрылыстық аймаққа бөлу 2-кестеде көрсетілген.

1 адамға 24,4 шаршы метр тұрғын үймен орташа қамтамасыз етілген жағдайда құрылыстың бірінші кезегінің соңында қаланың тұрғын үй қоры шамамен 6,33 миллион шаршы метрді құрауы керек. Жобалау түсінігі бойынша және ескіруіне қарай тұрғын үйді бұзу 64,9 мың шаршы метр көлеміне жаңа құрылыс көлемі $(6,34 - 5,78 + 0,06) = 0,62$ миллион шаршы метрді құрайды.

Бір адамға 25 шаршы метр орташа тұрғын жаймен қамтамасыз етілген екінші кезектегі құрылыстың соңында қаланың тұрғын үй қоры шамамен 7,25 миллион шаршы метрді құрау керек. Жобалау түсінігі бойынша және ескірген тұрғын үйді бұзу 66,4 мың шаршы метр көлеміне жаңа құрылыс көлемі $(7,25 - 6,34 + 0,07) = 0,98$ миллион шаршы метрді құрайды.

Осылайша, Қостанай қаласының жобалық шекарасындағы жаңа тұрғын үй құрылысының жиынтық көлемі 2020 жылға дейін шамамен 1,6 миллион шаршы метрді құрауы тиіс.

Жаңа тұрғын үй құрылысына арналған аумаққа қажеттілік 3-кестеде көрсетілген.

Жобалық шекарада тұтас қала бойынша Қостанай қаласының тұрғын үй қорының қозғалысы және халықты қоныстандыру 4-кестеде келтірілген.

2-кесте. Құрылыстық аймаққа бөлу

P/ с N	Құрылыс салудың үлгілері және қабаттылығы	2020 жылға дейін барлығы		Оның ішінде кезеңдер бойынша			
		тұрғын үйді беру		құрылыстың 1-кезегі		құрылыстың 2-кезегі	
		миллион шаршы метр	жиынына пайызбен	тұрғын үйді беру		тұрғын үйді беру	
				миллион шаршы метр	жиынына пайызбен	миллион шаршы метр	жиынына пайызбен
	Қала бойынша барлығы	1640,0	100	0,62	100,0	0,98	100,0
	оның ішінде						
1	коттедждер	1128,0	69,0	0,43	69,0	0,64	65,0
2	таунхаустар	92,0	6,0			0,09	9,0
3	көп пәтерлі үйлер	420,0	25,0	0,19	31,0	0,25	26,0
	олардың ішінде:						
3.1	4-5 қабатты	60,0	3,0			0,04	4,0
3.2	6-9 қабатты	330	20,0	0,16	26,0	0,18	18,0
3.3	10 және одан көп қабатты	30,0	2,0	0,03	5,0	0,03	3,0

3-кесте. 2020 жылға дейін жаңа тұрғын үй құрылысына арналған аумаққа қажеттіліктің есептемесі

P/ с N	Құрылыстың үлгілері және қабаттылығы	2020 жылға дейін барлығы			Оның ішінде кезеңдер бойынша					
		Тұрғын үйді беру, мың шаршы метр	Құрылыс салудың тығыздығы, Бір гектарға мың шаршы метр (көп пәтерлі үйлер мен танхаустар үшін шағын аудандық) және коттедждер үшін селитебеттік	Аумаққа қажеттілік , гектар	2007 - 2012 жылдар			2013 - 2020 жылдар		
					Тұрғын үйді беру, мың шаршы метр	Құрылыс салудың тығыздығы , Бір гектарға мың шаршы метр (көп пәтерлі үйлер мен танхаустар үшін шағын аудандық) және коттедждер	Аумаққа қажеттілік , гектар	Тұрғын үйді беру, мың шаршы метр	Құрылыс салудың тығыздығы , Бір гектарға мың шаршы метр (көп пәтерлі үйлер мен танхаустар үшін шағын аудандық) және коттедждер	Аумаққа қажеттілік , гектар
	Қала бойынша барлығы	1842,0		1559,0	785,5		688,0	1056,5		871,0

	оның ішінде									
1	коттедждер	1330,0	0,92	1446,0	605,5	0,92	658,0	724,5	0,92	788,0
2	таунхаустар	92,0	2,2	42,0		-		92,0	2,2	42,0
3	көп пәтерлі үйлер	420,0		71,0	180,0		30,0	240,0		41,0
	олардың ішінде:									
3.1	4-5 қабатты	60,0	4,7	13,0	20,0	4,7	4,0	40,0	4,7	9,0
3.2	6-9 қабатты	330,0	6,3	53,0	150,0	6,3	24,0	180,0	6,3	29,0
3.3	10 және одан да көп қабатты	30,0	6,7	5,0	10,0	6,7	2,0	20,0	6,7	3,0

4-кесте. Жобалық шекарада тұтас қала бойынша Қостанай қаласының тұрғын үй қорының қозғалысы және халықты қоныстандыру Құрылыстың 1-кезегі

Р /с N	Атауы	1.01.2007 жылы			2007 - 2012 жылдар				1.01.2013 жылы		
		Тұрғын үй қоры, мың шаршы метр	Тұрғындар, мың адам	Қамтамасыз етілу, бір адамға шаршы метр	Бұзу, мың шаршы метр	Жаңа құрылыс			Тұрғын үй қоры		
						Мың шаршы метр	Тұрғындар, мың адам	Қамтамасыз етілу, бір адамға шаршы метр	Тұрғын үй қоры, мың шаршы метр	Тұрғындар, мың адам	Қамтамасыз етілу, бір адамға шаршы метр
1	Көп пәтерлі үйлер	4162,6	171,7	21,7	30,0	190,7	7,6	22,0	4323,3	177,0	21,8
	олардың ішінде:										
	2 - 3 қабат	437,7	18,6	19,0	30,0				407,7	17,3	
	4 - 5 қабат	2665,2	109,5	22,1					2665,2	108,9	
	6 - 9 қабат	790,8	32,6	22,0		160,6	6,4		951,4	38,6	
	10 және одан да көп	268,9	11,0	22,0		30,1	1,2		299,0	12,2	
2	Үй-жай салу	1615,7	68,8	33,1	34,9	434,2	17,4	34,63	2015,0	83,0	33,5

құрылыстың 2-кезегі

		1.01.2013 жылы			2013 - 2020 жылы			1.01.2020 жылы		
		Тұрғын үй қоры,	Қамтамасыз етілу, бір	Бұзу, мың	Жаңа құрылыс	Жаңа құрылыс	Жаңа құрылыс	Тұрғын үй қоры	Тұрғын үй қоры	Тұрғын үй қоры

Р /с N	Атауы	мың шаршы метр	Тұрғындар , мың адам	адамға шаршы метр	шаршы метр	Мың шаршы метр	Тұрғындар , мың адам	Қамтамасыз етілу, бір адамға шаршы метр	қоры, мың шаршы метр	Тұрғындар , мың адам	Қам етіл ада шағ меті
1	Көп пәтерлі үйлер	4323,3	177,0	24,4	30,0	248,3	9,9	25,0	4541,6	181,7	25,0
	Олардың ішінде:										
	2-3 қабат	407,7	17,3	23,6	30,0				377,7	15,1	25,0
	4-5 қабат	2665,2	108,9	24,5		35,3	1,4	25,0	2700,5	108,0	25,0
	6-9 қабат	951,4	38,6	24,6		179,6	7,2	25,0	1131,0	45,3	25,0
	10 және одан да көп	299,0	12,2	24,5		33,4	1,3	25,0	332,4	13,3	25,0
2	Үй-жай салу	2015,0	83,0	24,3	36,4	640,0	25,6	25,0	2618,6	104,7	25,0
3	Таунхаустар					92,4	3,6	25,0	92,4	3,6	25,0

4.3. Өнеркәсіп

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясында Қостанай қаласы осында кластерді қалыптастырудың және кәсіпкерлікті дамытудың катализаторы болып табылатын Солтүстік өңірдің тірек қаласы ретінде белгіленген. Жобалық кезеңде қаланың өнеркәсіптік әлеуетінің өсуі өңдеуші өнеркәсіптің басым салаларында өнім шығаруды ұлғайтумен негізделетін болады. Перспективада мұндайлар ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өндірістері, машина жасау, химия, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі, ағаш өңдеу кәсіпорындары болып табылады.

Кейбір инвестициялық жобаларды іске асыру қазірдің өзінде жүзеге асырылып жатыр.

Өнеркәсіптік өнім көлемінің өсуі 2007 жылмен салыстырғанда 2012 жылға қарай - 295 %-ды және 2020 жылға қарай - 591 %-ды құрайды.

Кәсіпорындардың өнеркәсіптік персоналының саны бастапқы жылмен салыстырғанда өседі және 1 кезеңде - 149 %-ды, ал есептік мерзімге -183 %-ды құрайды.

Өнім көлемінің және жұмыс орындары санының өсуі жаңа өндірістер құру және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту есебінен күтіледі.

Қала түзуші салалар жұмыскерлерінің саны серпінінің болжамы 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте. Негізгі салалардағы жұмыскерлердің саны

Р/с N	Атауы	Жұмыскерлер саны, мың адам		
		2007 жыл	2012 жыл	2020 жыл

1	Өнеркәсіп	14,7	21,8	26,8
2	Ауыл шаруашылығы	3,6	2,7	1,8
3	Құрылыс	7,5	9,0	10,5
4	Сыртқы көлік	7,6	8,9	10,3
5	Байланыс	2,0	2,2	2,4
6	Көтерме сауда	6,3	6,9	5,7
7	Ғылым және ғылыми қызмет көрсету	5,2	6,1	7,3
8	Жоғары және арнайы орта білім	4,6	6,0	7,7
9	Ауыларалық маңызы бар қызметтер саласы	4,8	5,1	5,7
10	Басқарма, қоғамдық ұйымдар, әлуетті құрылымдар	14,3	15,0	15,7
	Негізгі салалар бойынша жиыны	70,6	83,7	95,8

4.4. Экономикалық қызмет

Қостанай қаласының аумағында экономикалық қызметтің салааралық құрылымын қайта ұйымдастыру, оның ішінде: ғылым, білім, мәдениет пен жоғары технологиялық өнеркәсіптің рөлін сақтау; өндірістік, іскерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, қызметтер саласын, туризм мен рекреацияны дамытуды ынталандыру; экологиялық қауіпті және ресурстарды қажет ететін өндірістерді тарату, қайта ұйымдастыру ұсынылып отыр.

Материалдық өндіріс салаларын қайта құрылымдауды жүзеге асыру ғылымды қажет ететін және ресурс үнемдейтін технологиялардың пайдасына ұсынылып отыр.

Қостанай қаласының облыстық маңызы бар қала мәртебесін сақтау болжанып отыр және ғылыми-техникалық, білім беру, мәдени, әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуетін, облыстық және республикалық маңызы бар нарықтық инфрақұрылым институттарының желісін қарқынды дамыту көзделіп отыр.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторларының одан әрі тиімді үйлесімі мен өзара қатынасы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жоспарланып отыр.

Бас жоспарда өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру ұсынылып отыр, оның мақсаты олардың экологиялық қауіпсіздігін арттыру және қаланы дамыту мүддесінде қала құрылысы әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану.

5. Қоршаған ортаға әсерін бағалау

5.1. Экологиялық талаптар

Қостанай қаласының қала құрылысын дамытудың экологиялық талаптарына мыналар жатады:

тұрақты экологиялық жайсыздық аймақтарында өмір сүру ортасын түбегейлі сауықтыру;

қолда бар табиғи кешен аумақтарын жағымсыз антропогендік әсерлерден қорғау, қоршаған ортаның шаруашылық қызмет нәтижесінде жойылған қасиеттерін оңалту және қалпына келтіру, сондай-ақ резервтік аумақтарда жаңа жасыл алқаптарды қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

өмір сүру ортасының жайлылығын, оның ішінде аумақты көгалдандыру және қаланың тұрғын үй, қоғамдық аймақтарында мезоклиматтық және микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен арттыру.

Қостанай қаласының қала құрылысын дамытуға қойылатын экологиялық талаптарды орындаудың қажетті шарттары:

тұрғындар денсаулығының қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіретін экологиялық тәуекел аймақтарын жою;

күшті техногендік жүктеме түскен аумақтарды (санкциясыз қоқыс үйінділерінің аумақтарын, магистраль маңындағы аумақтардағы газдалған аймақтар мен шу жайсыздығын және т.б.) санкциялау, оңалту, қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

жоғары экологиялық қауіп көзі болып табылатын өндірістерді жою;

қалдығы аз және қалдықсыз таза экологиялық технологияларды, өндірістің ағынсыз циклдарын енгізу, өнеркәсіп, энергетика, қалалық шаруашылық объектілерінің қазіргі заманғы газ тазарту, шаң ұстағыш және су тазарту құрал-жабдығымен жарақтандырылуын 100 пайызға жеткізу;

ауыз су сапасының стандарттарын сақтауды және өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық сарқынды сулар мен беткі ағынды тазартуды қамтамасыз ету;

үздіксіз қозғалысты автомагистральдар салу;

өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтарды толық өңдеу және залалсыздандыру болып табылады.

5.2. Көгалдандыру жүйесін дамыту

Бас жоспарда Қостанай қаласын көгалдандырудың негізгі қағидаттары айқындалған. Жасыл екпе:

жергілікті табиғи жағдайларды ескере отырып, өзара байланысты біртұтас жүйе түрінде;

қаланың сәулет-жоспар құрылымына және халыққа қызмет көрсетуді ұйымдастыруға сәйкес жобалануға тиіс.

Жасыл екпелер тұрғын үй және өнеркәсіп аудандарының қала орталықтары сәулет ансамбльдерінің кеңістік композициясының құрамдас бөлігі болуға тиіс.

Бұл қағидаттарды ойдағыдай жүзеге асыру көгалдандыру құралдарымен халықтың өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Халыққа теріс әсерін тигізетін факторлар қатарына: әуе бассейнінің өнеркәсіптік кәсіпорындар мен автокөліктердің зиянды шығарындыларымен ластануы, қалалық, әсіресе көлік магистралындағы шу, жазғы және қысқы мерзімдердегі ауыр микроклиматтық жағдайлар мен басқалары жатады.

Атап өтілген жайсыз факторлар қалаларды көгалдандыру жолымен айтарлықтай әлсіреуі мүмкін.

Этнографиялық парк, ауқымды бағыттағы бульварлар және аллеялар жүйесін, арнайы және шектеулі пайдалану объектілерін: хайуанаттар паркі, ипподром, гольф-парк, дендропарк қалыптастыру ұсынылады.

Көгалдандырудың басты міндеті қаланың әуе бассейнін жақсарту, микроклиматын жақсарту және оның сыртқы келбетін байыту, халықтың бұқаралық демалуын барынша жақсы ұйымдастыру мақсатында жасыл екпелердің неғұрлым оңтайлы жүйесін құру болып табылады.

6. Аумақты қорғау және қаланың орнықты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

Жобада тұрақты қызмет етуді арттыру және Қостанай қаласының тұрғындарын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен қорғау мақсатында мынадай қала құрылысының іс-шаралары көзделіп отыр:

- 1) қаланың аумағын неғұрлым дәл функционалдық аймақтарға бөлу;
- 2) қолда бар өнеркәсіптік аймақтарды одан әрі қалыптастыру және қайта ұйымдастыру;
- 3) селитебтік аймақты жасыл екпе жолақтарымен жоспарлау аудандарына мүшелеу және өзеннің су қорғау жолақтарын көгалдандыру;
- 4) көше-жол желісін одан әрі дамыту және оның негізінде тұрақты қызмет етудің жалпы қалалық желісін қалыптастыру.

7. Қаланың сәулет-жоспарлау құрылымын дамыту жөніндегі негізгі ережелер

Дамудың тарихи ерекшеліктері, табиғи ландшафт жағдайлары және басқа факторлар халықты қоныстандыру тығыздығы салыстырмалы жоғары шағын құрылымның жоспарлы қалыптасуын алдын ала айқындап берді. Қостанай-2 ауданы қоспағанда, қаланың негізгі бөлігін классикалық, желілік-жолақтық функционалдық аймаққа бөлу қалыптасты.

Халықтың қоныстандыру тығыздығы аз коттедждік құрылыстың көбеюі қаланың едәуір аумақтық кеңеюін талап етеді. Кейде даму қарқынындағы және учаскелерді таңдау кезіндегі басымдықтардағы сипатын ескеруге мүмкіндік беретін қомақты аумақтық резервтерді бөле отырып, қаланы барлық мүмкін болатын нұсқаларда кеңейту ұйғарылып отыр. Мұнда қазіргі заманғы қала құрылысының басты магистральдардың бойынан қала құрылысы жүйелерінің өсуіне байланысты халықаралық тәжірибесі ескерілді, бұл жүйелер осылайша, уақыт пен кеңістікте серпінді, қалалық немесе жоспарлық бағыттарды қалыптастырады.

Бұрынғы Тобыл өзені жайылмасының бойындағы " солтүстік-шығыс-оңтүстік-батыс" осі бойынша аумақтық дамуға қарағанда, бүгінде қаланың жоспарлық құрылымын "батыс-шығыс" осі бойынша диаметрлік қарама-қарсы дамыту қалыптасып келеді.

Бұл дамудың негізгі қала құрылысы бағыттарын бөле отырып, қала жоспарының күрделі сәулет-жоспарлау құрылымында айқындайды:

тарихи қалыптасқан, Тобыл өзенінің жайылмасына қатарлас, қала орталығынан шығатын бағытта: Рудный қаласына (Қонай тұрғын ауданы) автожолдың бойымен аумақтық өсетін оңтүстік-батыс қала құрылысы бағыты. Бұл неғұрлым жайлы, қала орталығымен, өнеркәсіп аймақтармен және өзен жайылмасындағы демалыс орындарымен тығыз байланысты аймақтар. Қазіргі дамып келе жатқан автобазармен көршілес құрылыс және әмбебап базарларын құру ұйғарылып отыр;

солтүстік-батыс бағыты қазіргі Қостанай-2 кентін (Қостанай-2 тұрғын ауданы) дамыту үшін Челябинск трассасының бойындағы селитебтік аймақты қамтиды. Селитебтік аймақпен қатар Таран және Гагарин көшелерінің арасында "Тобыл" индустриялық аймағын (360 гектар) құру көзделуде.

Индустриялық аймақ әуежай ауданында қалыптасады және мыналарды қамтиды:

- "Қостанай" халықаралық әуежайының көп функционалдық қоғамдық-көліктік орталығы (бұдан әрі - КҚКО). КҚКО Шекара маңындағы ынтымақтастық орталығы және: аэровокзалды, қонақ үйін, кеңсе ғимараттарының кешенімен бизнес орталығын, конгресстер орталығын, әр түрлі алаңды көрме павильондарымен ЭКСПО-орталығын, сауда, қоғамдық тамақтану, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын, демалыс және көңіл көтеру мекемелерін қамтиды. КҚКО сауда, экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық кешені болады;

- авиакарготерминалы бар көліктік-логистикалық орталық;
- көтерме базар;
- бизнес-технопарк;

- Затобольск пен оңтүстікке қарай (Астана) Мичуринское ауылын дамыта отырып, шығысқа - Шығыс жаңа тұрғын ауданымен Көкшетау бағытына, сондай-ақ солтүстік-шығыс бағытында Петропавл трассасының бойында - Заречный селосын дамытатын Тобыл тұрғын ауданы, жоспарлау бағыттарының жүйесіне қосылған қаланың оң жақ жағалауы басқа да құрылған кенттермен бірге.

Өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма аймақтарының қомақты ішкі аумақтық резервтері, сондай-ақ қазіргі заманғы, техникалық жабдықталған өндірістік және қоғамдық кешендерді дамыту үшін көліктік әлеует бар. Функционалдық аймаққа болу қаланың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қала құрылысының негізін қалаушы принципі болып табылатынын атап өткен жөн. Сондықтан, қалыптасқан өнеркәсіптік аймақты (химиялық талшық зауыты және тағы басқа) дамытуға индустриялық аймақты орналастыру қарастырылуда. Бір жағынан өнеркәсіптік аймақтарды дамытудағы сабақтастық сақталады, ал екінші жағынан - қаланы дамытудағы ең перспективалы бағыттардың бірінде тұрғын ортаны дамыту үшін тамаша перспективалар ашылады.

Бұдан басқа, Қостанай қаласының алдыңғы бас жоспарларында Узкая колея және Киевский тұрғын кенттерін өндірістік аймақтың аумағынан шығару көзделген, бұл қазіргі бас жоспарда қолданады. Тұрғын үй құрылысын кезең-кезеңімен шығару көзделеді.

Тұрғын үй құрылысы мен өнеркәсіп және коммуналдық-қойма кәсіпорындары аумақтарының арасында санитарлық-қорғау аймақтарының және қажетті аралықтың болмауы белгілі бір шешімдерді қажет ететін өрескел кемшілік болып табылады. Санитарлық-қорғау аймақтарының болмауы, бір жағынан тарихи қалыптасқан, екінші жағынан жобалау құжаттамасында жеткілікті ескерілмеген және үшіншіден, соңғы уақытта саны аз көгалдандырылған санитарлық-қорғау аймақтарына белсенді құрылыс салу үдерісі жүріп жатыр (Карбышев көшесінде). Өндірістің технологиялық циклына өзгерістер енгізудің декларативтік сипаты бар және қалыптасқан мәселені жеткілікті дәрежеде шеше алмайды, сондықтан жекелеген іс-шаралардың неғұрлым қатаң сипаты бар. Ескірген тұрғын үйлердің біразын бұзу көзделеді.

Бас жоспарлау бағыттары бойынша бос аумақтарды игеруден басқа, Қостанайдың қала құрылысы жүйесін дамытудағы басым үдерістер қалыптасқан аумақтарды қайта жаңартуға, құрылысты тығыздауға, жер ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға, жалпы қалалық орталық аймақтарын және оның өзегін одан әрі көріктендіруге байланысты ішкі дамыту үдерістері болып табылады.

Орталық ортада бұл жалпы қалалық орталықтың шалғай аумақтарын орталық байланыс жүйесіне тартуға байланысты. Осыған байланысты мыналар көзделеді:

темір жол вокзалы базасында КҚКО құру;

Жеңіс саябағы ауданында қаланың спорт аймағымен функционалдық және кеңістіктік өз ара байланыс;

Победа көшесінің бойындағы сауда аймағын қазіргі заманғы қоғамдық-сауда кешеніне тарихи-рекреациялық ортаға айналдыру;

қаланың өзен бейнесін қалыптастыратын қоғамдық және тұрғын үй кешендерімен сәулет ансамбльдерінің жүйесін құру арқылы Тобыл өзенінің жағалауының кешенді шешімі. Қалалық демалыс аймағымен үйлесімде бұл олардың қала құрылысының жоғары құндылығын және инвестициялардың тартымды болуын қамтамасыз етеді;

Қаланың орталық аймағында - Абай және Баймағамбетов көшелерінің бойында қаланың ҚТББ және мауыты-шұға комбинаты (МШК) шалғай аймақтарында және қаланың жайылма бөлігінде қоғамдық қызмет көрсету жүйесін дамыту, кешенді қоғамдық орталықтарды құру (Нариман тұрғын ауданы), қалалық мамандандырылған орталықтар жүйесін дамыту (медициналық, оқыту, медиа-, рекреациялық) арқылы құрылымдық қаңқасын бекіту қарастырылуда.

8. Көлік инфрақұрылымын дамыту

Бас жоспарда сыртқы көлік жүйесін дамыту (әуе, темір жол, өзен, автомобиль және құбыржол) және қалалық көше-жол желісінің объектілері мен құрылыстарын қайта жаңарту және жаңадан салу, көлік айрықтарын, көпір өткелдерін салу және қала көлігін дамыту жөніндегі іс-шаралар көрсетілген. Теміржол вокзалы мен әуежайды қайта жаңарту белгіленіп отыр.

Жобада қаланың сыртқы көлік байланыстарын одан әрі дамыту ұсынылады. Қаланың қазіргі көше-жол желісін қалыптастыру, Қостанайдың әртүрлі аудандарының арасында сенімді көлік байланысын құру, магистраль желісін тиісті инфрақұрылыммен жарақтандыру.

Қаланың есептік мерзімге арналған көше-жол желісін дамыту және жетілдіру жөніндегі ұсыныстар Бас жоспардың сәулет-қала құрылысы шешімімен және қаланың қалыптасқан жоспарлы құрылымымен өзара байланыстырылған.

9. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту

9.1. Сумен жабдықтау

Бас жоспарда қаланың сумен жабдықтау жүйесін дамытудың мынадай бағыттары көзделеді:

Қостанай жер асты су көзінің қорларын қайта бекіту және оларды C_1 санаты бойынша өндірістік санатқа аудару;

жиынтық су тұтынуды тәулігіне 59,4 мың текше метрден (бастапқы жыл) тәулігіне 103,7 мың текше метрге дейін (есептік мерзім) көбейте отырып, қолданыстағы шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және өндірістік су құбырын сақтау және дамыту;

қолданыстағы су тартқыштарды қайта жаңарту, қолданыстағы су құбыры желілерін кезең-кезеңімен қайта жаңарту және жаңаларын салу, су құбыры құрылыстарын басқарудың орталықтандырылған автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру және су тазартудың жаңа технологиясына көшу есебінен қаланың сумен жабдықтау жүйесінің сенімділік деңгейін арттыру;

аз қабатты құрылыс жүргізілетін аудандарда, жаңа қала құрылысын игеру аудандарында сумен жабдықтаудың қолданыстағы жүйесімен байланыстыра отырып, жаңа су құбырларын, магистральдық желілер салу жолымен тұрақты сумен жабдықтауды ұйымдастыру.

Желідегі ысырапты болдырмау және қолданыстағы құрылыстардың өнімділігін жоғарылату бойынша шаралар қабылдау қажет.

9.2. Кәріз

Қалалық кәріз жүйесі негізінен қаланың бүкіл абаттандырылған бөлігін және кәсіпорындардың қомақты бөлігін қамтиды. Су бөлу мынадай схема бойынша жүзеге асырылған: өздігінен ағатын коллекторлар, кәріздік сорғы станциялары мен тегеурінді құбыржолдар жүйесімен шаруашылық-нәжістік және өндірістік ағындылар бас кәріздік сорғы станциясына беріледі.

Қаланың оң жақ жағалау бөлігіндегі Затобольск кентінің жергілікті тазарту құрылыстары бар, кейбір кәсіпорындарда тұндырғыштар, сүзгі алаңдары бар, қалған кәсіпорындар мен тұрғын үй құрылысы шұңқырларға кәрізденеді, сарқындылар кейіннен арнайы автокөлікпен ассенизация алаңына шығарылады.

Тазартылған сарқынды суды бұруды, тазартуды және төгуді қамтамасыз ету үшін:

қолданыстағы құрылыстарды қайта жаңарту және жаңғырту, толық жасанды биологиялық тазарту, терең қайта тазарту есебінен сарқынды су көлемдерін тәулігіне 50 мың текше метрден (бастапқы жыл) тәулігіне 89,7 мың текше метрге (есептік жыл) дейін ұлғайта отырып, кәріз жүйесінің жұмыс істеу сенімділігін арттыру;

кәріз желілерін дамыту, жаңа магистральдық коллектор салу, тозған қазіргі желілерді кезең-кезеңімен қайта жаңарту, қаланың перспективадағы құрылысын кәріздендіру үшін қайта айдайтын сорғы станцияларын салу;

зиянды заттардың жол беруге болмайтын шоғырларын қалалық кәрізге жіберуді болдырмау мақсатында кәсіпорындарда технологиялық үрдістерді жетілдіру есебінен сарқынды суды тазарту технологиясы мен сапасын жетілдіру көзделіп отыр.

9.3. Жылумен қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта Қостанай жылу энергия орталығы (ЖЭО) және жеті аудандық (АҚ-2,3) өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық қазандық Қостанай қаласын жылумен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады. ЖЭО-дан тұтынушылардың жиынтық жүктемесі сағатына 375 гигакалорийді, жеті ірі аудандық және өнеркәсіптік қазандықтардан сағатына шамамен 100 гигакалорийді (белгіленген қуаты тиісінше сағатына 460 гигакалорий және сағатына 674 гигакалорий) құрайды. Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету аймағынан тыс тұтынушылар автономдық жылу көздерінен, ал жеке сектордағы тұтынушылар жылыту пештерінен жылумен қамтамасыз етіледі.

Барлық жылу көздері үшін отынның негізгі түрі табиғи газ болып табылады.

Жылумен қамтамасыз етудің екі жүйесін дамыту көзделуде:

жаңғыртуды және қайта жаңартуды талап ететін қолданыстағы көздерді пайдаланып, орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету;

жылумен қамтамасыз етудің автономды көздерін құрастырып, орталықтандырылмаған жылумен қамтамасыз ету.

9.4. Газбен қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта қаланы газбен қамтамасыз ету табиғи және сұйытылған газды пайдалану базасында жүзеге асырылады.

"Бұхара-Орал" магистральдық газ құбыры табиғи газдың көзі болып табылады. Қалаға табиғи газ беру екі газ тарату ГТС-1 және ГТС-2 станциялары арқылы бұру бойынша жүргізіледі. Сұйытылған газ қалаға Қостанай бірлескен базасы арқылы жеткізіледі (ҚСГБ).

Жобада жаңа тұрғын үй құрылысының жылыту және ас дайындау қажеттіліктері үшін газды пайдалану ұсынылып отыр. "Бұхара-Орал" магистральдық газ құбыры газбен қамтамасыз ету көзі болып табылады. Тұрғын үй құрылысының жаңа аумақтарын газбен қамтамасыз ету үшін ГТС-1-ден және ГТС-2-ден өткізілген жоғары және орта қысымдағы газбен қамтамасыз етудің қолданыстағы желілері пайдаланылады. Қаланың орталық аудандарында орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету аймағында 10 қабатқа дейінгілерді қоса алғанда көп қабатты үйлерде газ ас дайындау қажеттіліктеріне ғана пайдаланылады. Қолданыстағы газбен қамтамасыз ету желілері газбен

қамтамасыз ету көзі болып табылады. Тұжырымдамада халықтың 100 пайызын табиғи газбен қамтамасыз ету ұсынылады.

9.5. Электрмен қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта қаланы электрмен қамтамасыз ету бірнеше 35-220 кВ кіші электр станциялары арқылы іске асырылады. Орталық және Заречная кіші станциялары 220 кВ бас кіші станциялары болып табылады.

Қалалық кіші станциялар жабдықтарының бір бөлігі моральдық және табиғи жағынан ескірген, қайта жаңартуды әрі айырбастауды қажет етеді.

Жобада қаланың жаңа аудандарында бірқатар 110 кВ кіші станцияларын салу, 35-110 кВ желісін қайта жаңарту, 220 кВ кернеуіндегі сыртқы электрмен қамтамасыз ету көздерімен байланысты күшейту, желілердің бір бөлігін перспективалы құрылыс аумағынан шығарып, қаланың айналасында 110 кВ сақина салу көзделуде.

9.6. Телефондандыру

2006 жылғы 01 қаңтарға Қостанай қаласының телефон желісін 35 телефон станциялары ұсынды. Бірінші кезекте телефон аппараттарының санын тұрғын үйлер аудандары бөлінісінде 99600 бірлікке дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Жобамен жаңа тұрғын үй-азаматтық құрылыс аудандары бағыттарында қосымша кәбілді кәріз орнату және телефон кәбілінің кәрізіне байланыстың әуе желілерін кезең-кезеңімен салу қажеттілігі белгіленеді.

Ұсынылатын телекоммуникация қызметтерін қанағаттандыру мен кеңейту үшін қолданыстағы телекоммуникация желісін кезең-кезеңімен жаңғырту, бұл ретте бірінші кезекте телефондардың 100 тұрғынға арналған телефон тығыздығының 33-ін қабылдау ұсынылады.

10. Аумақты санитарлық тазарту

Қазіргі уақытта қалада халықтың және кәсіпорындардың қатты тұрмыстық қалдықтарын жинау үшін жобалық қуаты 1000 мың текше метр "Оңтүстік" және жобалық қуаты 1500 мың текше метр "Солтүстік" полигондары пайдаланылуда.

Жобада "Оңтүстік" полигонының ауданында қуаты жылына 100 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кешен сала отырып, қала аумағында санитарлық тазарту жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру көзделіп отыр.

11. Аумақты инженерлік дайындау

Табиғи жағдайларды зерттеу, инженерлік желілердің және аумақты қауіпті табиғи-геологиялық үдерістер мен құбылыстардан қорғау жөніндегі жүйелердің қазіргі жай-күйін талдау нәтижесінде Бас жоспардың жобасында әзірленген Қостанай қаласының аумағын инженерлік дайындау мынадай іс-шараларды қамтиды:

1. Отыруға қарсы іс-шараларды орындап, беткі сулардың ғимараттардан, көшелердің жүретін бөлігінен жол бетіндегі суды тартып алатын желіге ағызу үшін су рельефін ұйымдастырып, тігінен жоспарлау.

2. Жабық нөсер кәрізі және ашық су тартып алатын желі (арықтар) жүйесін салу жолымен беткі суды (нөсер және еріген) ағызып жіберуді ұйымдастыру.

3. Қаралып отырған алаңқайлар мен қалалық құрылысты судың басып қалуынан бір уақытта қорғайтын, ашық таулы-дренаждық жыра салу арқылы көзделген аумақты жоғарыда қалыптастырылатын рельеф бойынша жиналатын нөсердің және еріген судың басып қалуынан қорғау.

4. Көлденең жабық дренаж жүйесін салу арқылы орындалатын, аумақты аз судың басуынан қорғау. Магистральдық өздігінен ағатын дренаждық коллекторлар Тобыл өзенінің жайылмасында көзделген нөсер суын тазарту құрылғыларына нөсер және дренаждық жиналған суды ағызатын нөсерлік коллекторларымен бірігіп қарастырылған. Су тазартылғаннан кейін өзенге ағызылады.

5. Қостанай және Амангелді су қоймаларынан су ала отырып, суаратын сумен қамтамасыз ету жүйесін салу.

6. Қала аумағында орналасқан су тоғындарында өрт сөндіру автомобильдерінің су алуы үшін (пирстар) құрылғылар салу.

Қостанай қаласының бас жоспарының жобасы бойынша негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

P/c N	Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Бастапқы жыл 2007 жыл	Бірінші кезек 2012 жыл	Есептік мерзім 2020 жыл
1	2	3	4	5	6
1.	Аумақ				
1.1	Қалалық сызықтың шегіндегі алаң, барлығы	мың гектар	19 170,2	39 738,2	39 738,2
	оның ішінде:				
1.1.1	тұрғын және қоғамдық құрылыстар	мың гектар	1 662,0	2 810,1	4 130,1
	оның ішінде:				
1.1.1.1	үй-жай құрылысы	мың гектар	977,7	1 697,8	2 775,8
1.1.1.2	блокталған таунхаус үйлерінің құрылысы	мың гектар	-	43,1	43,1

1.1.1.3	екі қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы	мың гектар	56,6	56,6	56,6
1.1.1.4	көп қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы	мың гектар	411,1	471,8	713,8
1.1.1.5	қоғамдық құрылыс	мың гектар	216,6	540,8	540,8
1.1.2	өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма құрылысы	мың гектар	9 970,6	11 848,2	11 848,2
	оның ішінде:				
1.1.2.1	өнеркәсіптік құрылыс	мың гектар	3 299,7	5 177,3	5 177,3
1.1.2.2	коммуналдық-қойма құрылысы	мың гектар	6 670,9	6 670,9	6 670,9
1.1.3	көлік, байланыс, инженерлік коммуникациялар, оның ішінде: ішкі көлік (темір жол, автокөлік, өзен, теңіз, әуе және құбыр жол)	мың гектар	980,2	1 113,5	1 256,8
1.1.3.1	магистральдық инженерлік желілер және құрылыстар	мың гектар	210,8	281,7	367,7
1.1.3.2	сыртқы көлік	мың гектар	769,4	831,8	889,1
1.1.4	ерекше қорғалатын табиғат аймақтары	мың гектар	84,2	2 498,5	2 498,5
	оның ішінде:				
1.1.4.1	ормандар және орман-парктері	мың гектар	84,2	2 498,5	2 498,5
1.1.5	су тоғандары және акваториялар	мың гектар	46,9	472,8	472,8
	оның ішінде:				
1.1.5.1	өзен, табиғи және жасанды су тоғандары	мың гектар	46,9	472,8	472,8
1.1.6	ауыл шаруашылығында пайдаланатын	мың гектар	693,7	3 522,4	3 522,4
	оның ішінде:				
1.1.6.1	бағандық және бау-бақша серіктестіктерінің аумақтары	мың гектар	309,0	309,0	309,0
1.1.6.2	ауыл шаруашылығы жерлері	мың гектар	384,7	3 213,4	3 213,4
1.1.7	Ортақ пайдаланатын	мың гектар	343,3	3 745,1	3 745,1
	оның ішінде:				
1.1.7.1	магистральдық көшелер және жолдар	мың гектар	183,8	3 051,8	3 051,8
1.1.7.2	су тоғандары, жағажай, жағалау	мың гектар	-	-	
2	Халық				
2.1	Бағынысты елді мекендердің есебімен халық саны, барлығы	мың адам	208,3	260,0	290,0
	оның ішінде:				
2.1.1	қаланың өзі	мың адам	208,3	260,0	290,0
2.1.2	басқа елді мекендер	мың адам	0	0	0
2.2	Халықтың жас құрылымы				
2.2.1	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам/ пайыз	36,9/18	53,3/20,5	64,7/22,3

2.2.2	еңбекке жарамды жастағы халық (ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-57 жас)	мың адам/ пайыз	141,6/68	172,4/66,3	188,5/65,0
2.2.3	еңбекке жарамды жастан асқан халық	мың адам/ пайыз	29,8/14,3	34,3/13,2	36,8/12,7
2.3	отбасылар және жалғыз басты тұрғындар, барлығы	бірлік	78 900	92 860	103 500
	оның ішінде:				
2.3.1	отбасылардың саны	бірлік	60 100	70 760	78 900
2.3.2	жалғыз басты тұрғындардың саны	бірлік	18 800	22 100	24 600
2.4	Еңбек ресурстары, барлығы	мың адам	147,7	180,4	201,2
3	Тұрғын үй құрылысы				
3.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	74634/100/ 5064,7	90546/100/ 6338,3	102150/100/ 7252,6
	оның ішінде:				
3.1.1	мемлекеттік қор	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	1210/1,6/82,1	449/1,6/101	634/1,6/116
3.1.2	Жеке меншікте	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	73424/98,4/ 4982,6	89101/98,4/ 6237,3	100516/98,4/ 7136,6
3.2	Ортақ қордың ішінен:				
3.2.1	көп пәтерлі үйлерде	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	57274/76,7/ 3886,6	61761/68,2/ 4323,3	63967/62,6/ 4541,6
3.2.2	үй-жай үлгідегі үйлерде	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	17360/23,3/ 1178,1	28785/31,8/ 2015,0	36882/36,1/ 2618,6
3.2.3	таунхаустарда	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы	-		1301/1,3/92,4

		ауданның мың шаршы метрі		-	
3.3	70 пайыздан астам тозған тұрғын үй қоры, барлығы	пәтерлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	503/30,3	429/30,0	630/45
	оның ішінде:				
3.3.1	мемлекеттік қор	пәтерлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	0,48/8	-	-
3.4	сақталатын тұрғын үй қоры, барлығы	пәтерлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі		5713,4/81620	6271,9/88336
3.5	Қабат бойынша тұрғын үй қорын бөлу				
	оның ішінде:				
3.5.1	аз қабатты	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	19804/26,6/ 1343,9	34610/38,2/ 2422,7	43503/42,6/ 3088,7
	оның ішінде салынып жатқан:				
3.5.1.1	Үй жайлық (коттедж үлгісіндегі) үй маңындағы жер учаскесімен	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	17360/23,3/ 1178,1	28785/31,8/ 2015,0	36882/36,1/ 2618,6
3.5.1.2	блокталған алдында пәтер маңындағы жер учаскесі	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі			1301/1,3/92,4
3.5.1.3	жер учаскесі жоқ 1-3 қабатты	пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның мың шаршы метрі	2443//3,3/165,8	5825/6,4/407,7	5320/5,2/377,7
3.5.1.4		пәтерлердің бірлігі/пайыз/ жалпы ауданның			

	орташа қабатты (4-5 қабатты) көп пәтерлі	мың шаршы метрі	39215/52,5/ 2661,1	38074/42,05/ 2665,2	38035/37,2/ 2700,5
3.5.1.5	көп қабатты (6 және одан да көп қабатты)	пәтерлердің бірлігі/пайыз/жалпы ауданның мың шаршы метрі	15616/20,9/ 1059,7	17862/19,7/ 1250,4	20612/20,2/ 1463,4
3.6	Тұрғын үй қорының кемуі, барлығы:	пәтерлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	927/64,9	935/66,4
	оның ішінде:				
3.6.1	техникалық жағдайы бойынша	пәтерлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	428/30,0	427/30,0
3.6.2	қайта жаңарту бойынша	пәтерлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	499/34,9	513/36,4
3.6.3	Мыналарға қатысты тұрғын үй қорының кемуі:				
3.6.3.1	бар тұрғын үй қорына	пайыз	-	1,4	1,0
3.6.3.2	жаңа құрылысқа	пайыз	-	10,2	5,8
3.7	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы оның ішінде мыналардың есебінен:	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	8927/624,9	1312/980,7
3.7.1	мемлекеттік қаражат	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі		100/7,0	110/7,8
3.7.2	ұйымдар мен кәсіпорындар қаражатының	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі		2627/183,7	4688/332,9
3.7.3	халықтың жеке қаражатының	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі		6200/434,2	9014/640,0
		үйлердің бірлігі/жалпы			

3.8	Жаңа тұрғын үй құрылысының қабаттылығы бойынша құрылымы	ауданның мың шаршы метрі	-	-	-
	оның ішінде:				
	Үй-жайлық (коттедж үлгісіндегі)	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	6203/434,2	9014/640,0
	орташа қабатты (4-5 қабатты) көп пәтерлі	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	-	497/35,3
	көп пәтерлі (6 және одан да көп қабатты)	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	2724/190,7	3000/213,0
	блокталған тұрғын үйлер (2-3 қабатты)	үйлердің бірлігі/жалпы ауданның мың шаршы метрі	-	-	1301/92,4
3.9	Жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен мыналарға орналасады:	пәтердің бірлігі/жалпы ауданның мың текше метрі		8927/624,9	13812/980,7
	бос аумақта	пәтердің бірлігі/жалпы ауданның мың текше метрі		7975/557,9	12812/909,7
	бар құрылысты қайта жаңарту есебінен	пәтердің бірлігі/жалпы ауданның мың текше метрі		952/67,0	1000/71,0
3.10	Жылына орташа жаңа тұрғын үй қорының жалпы алаңынан пайдалануға бөлу	мың текше метр		72,4	80,0
3.11	Халықтық пәтердің жалпы алаңымен орташа қамтамасыз етілуі	текше метр/адам	24	24,4	25,0
4	Әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері				
4.1	Мектепке дейінгі мекемелер, барлығы	орын	5890	20179	24360

4.1.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	32	85	85
4.1.2	1000 тұрғындарға	орын	28,3	77,6	84
4.2	Жалпы білім беру мекемелері, барлығы/1000 адамға	орын	25497/122,4	33468/128,7	48140/166
4.3	Ауруханалар, барлығы/1000 адамға	кереует	3300/15,8	6110/23,5	6914/23,84
4.4	Емханалар, барлығы/1000 адамға	бір ауысымда күтілетіндер	1207/5,8	6760/26	10150/35
4.5	Көпшілік-мәдени мекемелері (театрлар, клубтар, кинотеатрлар, мұражайлар, көрме залдары және тағы басқасы), барлығы/1000 адамға	орын	1210/5,8	31396/120,8	40886/141
4.6	Сауда кәсіпорындары барлығы/1000 адамға	сауда алаңының шаршы метрі	53358/256	83217/320	91357/315
4.7	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	отыратын орын	8386/40,2	9497/41,8	10866/47,8
4.8	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	жұмыс орны	327/1,57	657/2,5	711/2,45
4.9	Интернат үйлері - барлығы/1000 адамға	орын	575/2,76	3839/14,8	3839/13,2
4.10	Өрт депосы	автомобиль саны	19	60	112
5	Көліктік қамтамасыз ету				
5.1	Қоғамдық жолаушылар көлігі желілерінің ұзындығы, барлығы	километр	236,7	284,8	350,1
	оның ішінде:				
5.1.1	электрленген темір жол	екі жолдың километрі	-	9,5	19,6
5.1.2	троллейбус	екі жолдың километрі	52,2	60,8	74,3
5.1.3	автобус	екі жолдың километрі	184,5	224,0	275,8
5.2	Магистральдық көшелердің және жолдардың ұзындығы, барлығы	километр	177,00	282,00	493,18
	оның ішінде:				
5.2.1	Жүрдек қозғалыс жолдары	километр	-	37,40	72,27
5.2.2	жалпы қалалық маңызы бар магистральдар	километр	65,00	90,60	157,42
5.2.3	аудандық маңыздағы магистральдар	километр	100,75	133,50	229,60
5.2.4	өндірістік жолдар	километр	11,25	20,5	33,89
5.3	Сыртқы көлік				
	оның ішінде:				

5.3.1	темір жол	оның ішінде:	жолаушылар	жылына мың жолаушы	313,17	328,80	380,50
			жүк	жылына мың тонна	2 541,65	2 670,50	3 100,00
5.3.2	әуе жол	оның ішінде:	жолаушылар	жылына мың жолаушы	101,60	152,40	183,00
			жүк	жылына мың тонна	82,30	123,50	150,00
5.3.3	автомобиль	оның ішінде:	жолаушылар	жылына мың жолаушы	917,00	1 100,00	1 375,00
			жүк	жылына мың тонна	-	-	-
5.3.4	құбыр жол	оның ішінде:	жүк	жылына мың текше метр	2 369,00	2 850,00	3 550,00
5.4	Көше-жол жүйесінің тығыздығы						
5.4.1	қалалық, кенттік құрылыс шегінде			километр/шаршы километр	1,64	1,85	2,54
6	Инженерлік жабдықтар						
6.1	Сумен қамтамасыз ету						
6.1.1	жиынтық тұтыну, барлығы			тәул/мың текше метр	59,4	103,7	133,6
	оның ішінде:						
6.1.1.1	шаруашылық-ауыз су қажеттілігі			тәул/мың текше метр	31,5	52,8	56,9
6.1.1.2	өнеркәсіптік қажеттілікке			тәул/мың текше метр	21,4	24	46,9
6.1.1.3	тағы басқа ескерілмеген шығындар			тәул/мың текше метр	6,5	26,9	29,8
6.1.2	Бас су құбыры құрылыстарының қуаты (Амангелді су қоймасы)			тәул/мың текше метр	Qбар=149	Qбар=149	Qбар=160
6.1.3	Су тазарту құрылыстары			тәул/мың текше метр	Qбар=100	Qбар=100	Qбар=110,5
6.1.4	Сумен қамтамасыз етудің пайдаланатын көздері:						
6.1.4.1	жер беті көздерінен су алу				Тобыл ө. Амангелді су қоймасы		
6.1.4.2	жер астынан су алу				Қостанай су қоймасы		
6.1.5	Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия (ҚМК) бекіткен жер асты су қорлары			тәул/мың текше метрі	33,5	33,5	33,5
	(бекіту күні)				ҚМК КОР N 3675 22.05.1962 ж.		
6.1.6	1 адамға тәулігіне орташа су тұтыну			тәул/литр			
	- жалпы			тәул/литр	285,2	398,8	460,7
	- халық			тәул/литр	151,2	203	196,2

6.1.7	Техникалық сумен қамтамасыз ету, барлығы	тәул/мың текше метр	8,6	13,9	39,2
	оның ішінде:				
	- өндірістік қажеттілікке	тәул/мың текше метр	8,6	13,9	39,2
6.1.8	Техникалық сумен қамтамасыз ету:	тәул/мың текше метр			
6.1.8.1	жер асты	тәул/мың текше метр	-	-	-
6.1.8.2	жер беті	тәул/мың текше метр	8,6	13,9	39,2
6.1.8.3	тазартылғанға дейін ағынды су (таза судың орнына)	тәул/мың текше метр	-	-	28.7 ҚЖЭО-2
6.2	Кәріз				
6.2.1	сарқынды судың жалпы келуі, барлығы	тәул/мың текше метр	50	89,7	104,4
	оның ішінде:				
6.2.1.1	тұрмыстық кәріз	тәул/мың текше метр	31,5	52,8	56,9
6.2.1.2	өндірістік кәріз	тәул/мың текше метр	15	26,2	35,8
6.2.1.3	басқа ескерілмеген	тәул/мың текше метр	3,5	10,7	11,7
6.2.2	1 адамға тәулігіне орташа бөлінген су				
6.2.2.1	жалпы	тәул/литр	240	345,0	360
6.2.2.2	халық	тәул/литр	151,2	203	196,2
6.2.3	сарқынды суды қабылдау		булану-жиналу	булану-жиналу	булану-жиналу
6.2.4	кәріздік тазарту құрылыстарының өнімділігі	тәул/мың текше метр	жер тұнбасы	89,7	104,4
6.3	Электрмен қамтамасыз ету				
6.3.1	Қала бойынша жиынтық электр жүктемесі	мегаватт	210,3	292,5	447,9
	оның ішінде:				
	тұрғын секторлар бойынша	мегаватт	114,1	145,2	175,9
6.4	Жылумен қамтамасыз ету				
6.4.1	жылудың жиынтық жүктемесі, барлығы	сағатына гигакалорий	1019	1503	2060
	оның ішінде:				
6.4.1.1	тұрмыстық-коммуналдық сектор	сағатына гигакалорий	739	1069	1300
6.4.1.2	өнеркәсіп	сағатына гигакалорий	280	434	760

6.4.2	Жылу жүктемесінің мыналардан жабылуы:				
	ҚЖЭО-1	сағатына гигакалорий	309	290	210
	ҚЖЭО-2	сағатына гигакалорий	-	-	500
	АҚ-2	сағатына гигакалорий	133	265	265
	АҚ-3	сағатына гигакалорий	245	345	345
	коммуналдық қазандықтар	сағатына гигакалорий	15	107	132
	өнеркәсіптік қазандықтар	сағатына гигакалорий	93	120	115
	екінші энергия ресурстары	сағатына гигакалорий	-	8	15
	автономды жылыту жүйесі	сағатына гигакалорий	224	368	478
6.5	Газбен қамтамасыз ету				
6.5.1	Табиғи газды пайдалану, барлығы	жылына миллион текше метр	297	515	7 537
	оның ішінде:				
6.5.1.1	коммуналдық-тұрмыстық қажеттілікке	жылына миллион текше метр	56	135	177
6.5.1.2	өнеркәсіптік қажеттілікке	жылына миллион текше метр	238	380	360
6.5.2	Өнеркәсіптік қажеттілікке сұйытылған газды пайдалану	тонна	1 000	1 500	2 000
6.6	Байланыс (телефондандыру)				
6.6.1	Орнатылған телефондардың саны	бірлік	73 849	99 600	118 600
7	Аумақтардың инженерлік дайындығы				
7.1	Желінің ұзындығы:				
7.1.1	тегеурінмен суаратын су құбыры	километр	-	30,0	66,5
7.1.2	өздігінен ағатын нөсер-дренаждық коллектор	километр	-	16,5	18,0
7.1.3	таулы жыралар	километр	4,0	3,5	30,0
7.1.4	суды бұратын темір-бетонды науалар	километр	-	3,5	21,3
7.2	құрылыстар				
7.2.1	нөсер-дренаждық суды тазарту құрылғылары	дана	-	5	4

7.2.2	суармалы сумен қамтамасыз ететін сорғы станциясы	дана	-	3	2
7.2.3	жердің бөгет бекінісі, жолдар-бөгеттер	дана	5,0	20,0	30,0
7.2.4	жағаның темір-бетон еңіс бекінісі	дана	1,5	4,0	9,5
8	Жобалық шешімдерді іске асырудың 1-кезеңі бойынша инвестициялардың болжалдық көлемі	миллион теңге		178765	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК